

Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасына немесе оның асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне) біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 шілдедегі N 644 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.10.27. N 1079 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 526-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасына немесе оның асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне) біржолғы өтемақы төлеу ережесі бекітілсін.

2. Осы құжат ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 ш і л д е д е г і

N 6 4 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы кеден органының
лауазымды адамы қызметтік міндеттерін атқаруына
байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда қаза
тапқан (қайтыс болған) адамның отбасына немесе оның
асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне) біржолғы
өтемақы төлеу ережесі**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 526-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасына немесе оның асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне) біржолғы өтемақы (бұдан әрі - біржолғы өтемақы) төлеудің тәртібін айқындайды.

2. Біржолғы өтемақы кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, қаза

тапқан (қайтыс болған) адамның отбасына немесе оның асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне) төленеді.

3. Лауазымды адамның жұмыс орны бойынша кеден органы біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеу туралы өтініш беру қажеттігі туралы міндетті түрде жазбаша хабардар етеді.

4. Біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адамдар лауазымды адамның жұмыс орны бойынша кеден органының бастығына мынадай құжаттарды ұсына отырып, 1-қосымшаға сәйкес біржолғы өтемақы төлеуге өтініш береді:

алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
азаматтық хал актілерін жазу органдарының (АХАЖ) қайтыс болғандығы туралы куәлігінің нотариалды расталған көшірмесі;
кәмелетке толмаған алушының туу туралы куәлігінің көшірмесі;
неке туралы куәлік, не сот органдарының алименттер туралы атқару парағы (қамқоршылық туралы құжат), не мұраға құқығы туралы куәлік;
қаза тапқан (қайтыс болған) адамның соңғы атқарған қызметі бойынша ақшалай үлесі туралы анықтама.

5. Лауазымды адамның жұмыс орны бойынша кеден органы 2-қосымшаға сәйкес біржолғы өтемақы төлеуге арналған өтініштерді тіркеу журналында тіркелген күннен бастап 30 күннен аспайтын мерзімде ұсынылған құжаттарды қарайды және біржолғы өтемақыны алушыға арналған іс қағазын жүргізеді.

Лауазымды адамның жұмыс орны бойынша кеден органы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 наурыздағы N 326 қаулысымен бекітілген Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар мен қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тексеру және есепке алу ережесінде белгіленген тәртіппен кеден органы лауазымды адамының қаза табуы (қайтыс болу) жағдайлары туралы тексеру жүргізіледі.

Біржолғы өтемақы алушының іс-қағазы деректерінің негізінде біржолғы өтемақы төлеу туралы қорытынды, тағайындау туралы рапорт дайындалады, одан кейін іс қағаз төлеу туралы не бас тарту туралы шешім қабылдау үшін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

6. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кеден органы лауазымды адамының қаза табуы (қайтыс болуы) қызметтік міндеттерін атқаруға қатысы жоқ жағдайларға байланысты болғандығы дәлелденсе, біржолғы өтемақы төленбейді.

7. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган біржолғы өтемақыны тағайындауға арналған құжаттарды алған сәттен бастап 15 күннен аспайтын мерзімде біржолғы өтемақыны тағайындаудың күнін көрсете отырып, біржолғы өтемақыны төлеу туралы шешім қабылдайды.

8. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның шешімін алғаннан кейін лауазымды адамның жұмыс орны бойынша кеден органы 15 күннің ішінде біржолғы өтемақыны алуға құқығы бар адамдарды қабылданған шешім туралы х а б а р д а р е т е д і .

Біржолғы өтемақыны лауазымды адамның жұмыс орны бойынша кеден органы республикалық бюджетте аталған ерекшелікке көзделген қаражаттың есебінен төлеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап екі айдың ішінде Қазақстан Республикасының шегінде екінші деңгейдегі банкке алушының дербес шотына аудару, сондай-ақ оларды почта арқылы аудару жолымен төлейді.

9. Кәмелетке толмаған алушыларға біржолғы өтемақыны төлеу қамқоршылық және қорғаншылық органына, сондай-ақ оның заңды өкілдеріне өтініш берілген сәттен бастап екі айдың ішінде бір мезгілде хабарлай отырып, оның тұрғылықты жері бойынша екінші деңгейдегі банктегі оның дербес шотына аудару жолымен жүргізіледі.

10. Кеден органы біржолғы өтемақыны төлеуден бас тартқан жағдайда, бас тарту туралы шешім шығарылған сәттен бастап 15 күннің ішінде өтініш беруші бұл туралы жазбаша хабардар етеді. Бұл ретте өтініш берушінің кеден органының шешіміне заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдануға құқығы бар.

Қазақстан Республикасы кеден органының
лауазымды адамы қызметтік міндеттерін
атқаруына байланысты қаза тапқан (қайтыс
болған) жағдайда қаза тапқан (қайтыс
болған) адамның отбасына немесе оның
асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне)
біржолғы өтемақы төлеу ережесі
1-қосымша

Кімге _____

(мекеме (ұйым) басшысының лауазымы),

_____ (арнайы атағы, Т.А.Ә.)

_____ мекен-жайы

бойынша тұратын _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтініш иесінің СТН N _____

Біржолғы өтемақы төлеуге өтініш

Сізден (залалдың орны толтырылуы тиіс оқиғаның сипаты көрсетіледі) байланысты маған біржолғы өтемақыны төлеуіңізді сұраймын.

Маған тиесілі соманы (банктің атауы, банктің СТН-і, банктің МФО-сы, алушының дербес есеп шотының N немесе байланыс бөлімшесі арқылы аудару

жағдайында оның мекен-жайы) аударуыңызды сұраймын.
 Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

- 1 .
- 2 .
- 3 .
- 4 .

5.

өтініш берушінің қолы _____

Қазақстан Республикасы кеден органының
 лауазымды адамы қызметтік міндеттерін
 атқаруына байланысты қаза тапқан (қайтыс
 болған) жағдайда қаза тапқан (қайтыс
 болған) адамның отбасына немесе оның
 асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне)
 біржолғы өтемақы төлеу ережесі

2-қосымша

**Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды
 адамы қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты
 қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда қаза тапқан
 (қайтыс болған) адамның отбасына немесе
 оның асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне)
 біржолғы өтемақы төлеуге арналған
 өтініштерді тіркеу журналы**

Өтініш.	Қаза тапқан тің	Қаза тапқан (қайтыс болған)	Қаза тапқан (қайтыс болған)	За. лал.	Қарау нәтижесі			
келіп	Бір.	Төлем	Бас					
түскен	жол.	құжаты.	тартудың					
күні	ғы	ның N	себебі					
	Т.А.Ә. және	асырауын.	негіз.	өтем.	және			
	оның мекен- жайы	дағы адам. ның (мұра. гердің)	демесі	ақы.	күні			
		Т.А.Ә. және		сы				
		оның мекен- жайы						

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК